

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТАЛАБЫНА САЙ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ергалиева Ментай Амановна,
Макенова Баржаксы Нурлыбековна,
Нуржанова Жанат Турсынбаевна,
Зейноллаева Гульден Талгатовна
Ғ.Қайырбеков атындағы №9 ОМ, Қостанай қаласы

Аннотация

Жаңартылған білім беру бағдарламасының талабына сай, бастауыш сыныптарда инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану. Оқытудың озық технологияларын тиімді пайдалана отырып, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, өмір сүруге бейім тұлғаларға білім беру және тәрбиелеу.

Аннотация

Использование инновационно-методических средств и приемов в соответствии с обновленной программой в обучении в начальных классах. Повышение обучения и воспитание учащихся в связи с изменениями требования к жизненным ситуациям используя передовые технологии сегодняшнего дня.

Abstract

Effective use of innovative approaches to primary education in accordance with up-to-date educational requirements. To bring up open source, cheerful, learning and education for those who are inclined to live by using advanced teaching technologies.

Түйінді сөздер: *әдіс-тәсілдер, жаңартылған білім, бағдарлама, жаңа технология.*

Ключевые слова: *методы и приемы, обновленное образование, программа, новая технология.*

Keywords: *methods and approaches, innovation technologies, updating education, programmes.*

Қазақстан Республикасының Білім саясаты және оның білім жүйесі мен тәлім-тәрбие негіздерін дамыту, жетілдіру, оның басты бағыт-бағдарларын айқындай отырып, жаңа заманға лайықтап әрі халықаралық стандарт деңгейіне сай сәйкестендіріп, қазақстандық үлгісін қалыптастыру және оның іс жүзінде маңыздылығын арттыру-стратегиялық бағдарламалардың сол кездегі де, бүгінгі күндегі де басты мәселелерінің бірі. Сол себептен де, осы бағыттағы жаңашылдық ой-тұжырымдары мен оның бастамашылығымен жасалған, дайындалып жатқан бағдарламалар қазақстандық қауымның әлемдік қауымдастыққа енуі кезінде аса маңызды фактор болып отыр. Жаңа ғасырға қадам басқан қазіргі өмірге даяр болуы қажет. Оқушылар ар-ожданын қорғай отырып, шектен тыс әрекеттерге бармай, өз күшіне, өз мақсатына сене алға жылжығаны абзал. Қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер жеткіншек ұрпақ тәрбиесі мәселелеріне жаңа көзқарастарды талап етіп отыр. Білім сарайының іргетасы мектепте қаланатыны өмірлік шындық, іргетасы жоқ жерде, ғимарат та жоқ. Пәндік білім беру әдісіне негізделген әр мектептің басты мақсаты - әр пән бойынша оқушыларға терең білім беру. «Мектеп» ұғымының латын тіліндегі мағынасы «баспалдақ». Бұл баспалдақтар адамның әлемдік және рухани білімінің шыңын бағындыруына арналған. Оқушының бүгінде сыныптан алар академиялық білімінің маңызы зор. Ал мектептің басты мақсаты-жақсы адам тәрбиелеу.

Қазақстанда орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге бағыттау – ұстаздың басты міндеті болуымен қатар, оларға жүктелер жауапкершілік жүгін де еселейді. Өйткені, сапалы білім мен кәсіби білікті мамансыз бәсекеге қабілетті өскелең ұрпақты тәрбиелеу мүмкін емес.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша өткізіліп жатқан барлық курстарда сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың тәсілдері, сыни ойлауды оқу және жазу арқылы дамытудың стратегиялары, жобалау әдісі, өз пікірін жазбаша рәсімдеу әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылады. Аталған бағдарлама бойынша жүргізілген курстарда тыңдаушылардың бойында тілдік дағдыларды қалыптастырудың, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру мен инновациялық технологияларды меңгеріп, оны тиімді қолдана білудің маңызы өте зор. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Оқушыларды жаңартылған білім беру бағдарламасының талабына сай инновациялық әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге белсенді түрде енгізіле бастауы көңілді қуантады. Міндетіміз ауыр, мақсатымыз айқын. Отандық білім беру саласында әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, жаңаша ойлай алатын білікті мұғалімдер қатарын көбейтсек, жақсы нәтижеге жеттік деп білеміз. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Елбасы жолдауында айтылғандай, болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Осыған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Сондықтан ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және оқудағы және оқытудағы жаңа тәсілдерді меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаз қолында. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлғар етінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғарғы сынып оқушылары қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі – сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруге бағытталуы керек. Қазіргі мемлекеттік бағдарламаларда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім берудегі озық іс-тәжірибелерінің ең үздік үлгілерін еліміздің барлық білім беру мекемелерінде кіріктіру көзделген.

Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Жаңартылған бағдарлама ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттейді. Оқушылардың бойына өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін қажетті дағдыларды дарыту мақсатында мұғалімдерге тынымсыз еңбектену керек болады.

XXI ғасыр-жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Өскелең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.

2. Н.Ә. Назарбаев “Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты” атты жолдауы, 2012.

3. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.

4. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.

5. ҚР «Білім туралы» Заңы, Астана, 2007. «Білім технологиялары» № 3, 2014 ж.

СТРАТЕГИИ ОБУЧЕНИЯ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ОБНОВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

Ерденова Назгуль Бабашевна
Абедчанова Гульсара Мурзабаевна
ГУ «Школа – лицей №1 , г. Костаная»

Аннотация

Қазіргі Қазақстанда әлемдік білім беру кеңестігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесі дамып келеді. Бұл үдеріс педагогикалық теория мен практиканың маңызды өзгерістерімен қатар жүреді. Біздің өміріміздің кез келген саласында сапалы өзгерістер, тіпті білім беруде мұғалімнің жаңа көзқарасын қалыптастырусыз, оқу орнындағы рөлі мен орны.